

Бақытты балалық шақ

Тәуелсіз еліміздің болашағы - балалар. 1 маусым - быдырлаған төтті тілдерімен, сыңғырлаған назды үндерімен үйімізді базар ететін балаларымыздың мерекесі. Балалардың күлкісі - әлемнің көркі,

үйірмесінің қатысушылары жасаған қолөнер бұйымдарынан да сөре ұйымдастырылды. Ойындық бағдарлама кезінде балаларды сайқымазақтар Клепа мен Ириска қарсы алып, «Көксерек», «Екі қол



сәні.

Жылда өтетін балалар мерекесін аудандық балалар кітапханасы ерекше айшық өрнегімен атап өтті. Орталық саябақта өткен мерекеге арнап балалар кітапханасы «Балалар кітабының түстері», «Оқуға асығындар» кітап көрмелерін рәсімдеп, көрме жанында шолу өткізді.

Көрмелерде қойылған түрлі-түсті кітаптар тек балаларды ғана емес, олардың ата-аналары мен әжелерін де қызықтырды. Сонымен қатар кітапханадағы «Шебер қолдар»

екеуге», «Үйсіз қоян», «Мимика» атты көңілді, қозғалыс ойындарын ойнатты. Әрі қарай көңілді мереке викторина сұрақтарымен жалғасын тапты. Айта кету керек, бұл ойындарға балалар өте белсенді қатысты, сұрақтарға нақты жауап бергендер сыйлықтан құр қалмады. Жас жеткіншектер бұл мерекеде көңілдерін көтеріп, жақсы әсер алғандарымен қоймай, көптеген жаңалықтар мен мәліметтерге қанық болды.

Н. Камиева
Орталық балалар
кітапханасының меңгерушісі